



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

Оқушының шығармашылық мүмкіндіктерін тиімді әдіс – тәсілдермен дамыту мұғалімнің шеберлігі мен біліктілігіне байланысты [7].

Танымдық қызығушылық оқу-тәрбие процесінің барлық саласында көрініс табады. Қазіргі тәрбиелеп оқытудың ең көкейкесті проблемалары танымдық қызығушылық мәселелерін қарастырады. Оқу процесін белсендендіру жолдары оқушылардың қызығушылығын дамытуды ұсынады, оқытудың белсенді әдістері танымдық қызығушылықты дамытуды көздейді, сабақтың қай түрі болсын қызығушылықпен уәждемелеуге (мотивация) бағытталады. Білімді демократияландыру мен ізгілендіру оқушы қызығушылығын негізгі орынға қояды.

Танымдық қызығушылық дегеніміз-жалпы қызығудың бір түрі. Ол оқу немесе ғылыми зерттеу кезінде қалыптасады.

Танымдық қызығушылық оқушының жеке басының тұрақты қасиеті бола отырып, оның оқудағы белсенділігін, өздігімен *дербес танымдық* мақсатты қоя білуін анықтайды.

Қазіргі кездегі қоғам талабына жауап беретін жеке тұлғаны қалыптастыру, өсіп келе жатқан ұрпақ бойында белсенді өмірлік ұстаным тәрбиелеу қажеттілігіне байланысты дидактиканың басты мәселесі – оқыту үрдісінде мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуі болып отыр. Оқушыға танымдық әрекет субъектісінің ұстанымын қамтамасыз ету міндеті, мұғалімнің басшылығымен оқушы белсенді әрекеттен өзін-өзі басқару негізінде әрекетке көшу үшін жағдайлар жасау міндеті тұрады.

Сонымен, оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігі оқушының өз қызметін ұйымдастыра білуі, өз әрекетіне талдау, қорытынды жасауы, зерттеушілік әрекет дағдыларын игеруі. Бұлар жүзеге асуы үшін, жаңа білімді игеудегі таным процесі жүру үшін оқушы мен мұғалімнің арнайы ұйымдастырылған танымдық іс-әрекеті қажет. Танымдық әрекет негізінде танымдық белсенділік, қызығушылық, дербестілік, шығармашылық қалыптасады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ш.Құрманалина, Б.Мұқанова, Ә.Ғалымова, Р. Ильясова. Педагогика Астана-2010
2. Ж.Б. Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев Педагогика Алматы2002ж
3. Құдайбергенова К.С. Құзырлық білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми – теориялық негізі.- Алматы,2008.
4. Р.Е.Жұншеев,Ә.С.Төкенов, А.Ә.Ізтілеуов. Философия Алматы-2007ж
5. Р.Омарова, Е.Рысбаев, Ж. Елеубаева Оқу-танымдық әрекетті белсендіру//Қазақстан мектебі №12, 35-38б
6. Т.С.Сыдықов, А.Е. Әбілқасымова. Оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастырудың дидактикалық негіздері. Астана,2005
7. Тұрғынбаева Б.Ш. Шығармашылық қабілеттер және дамыту. Алматы,1999

ӘОЖ 796 (09) 034

### **ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ЖАНҒЫРУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Жұмагелді Индира**

[indira\\_19.06@mail.ru](mailto:indira_19.06@mail.ru)

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, журналистика және саясаттану факультетінің 2 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшілері - Байтасов Е.К., Ясынов Ж.

Тәуелсіз елімізді әлемдік бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосу біздің негізгі мақсатымыз және Отан алдындағы борышымыз. Осы мақсатты жүзеге асыруда жасөспірімдердің орны ерекше, өйткені еліміздің туын биіктен желбіретіп, бәсекеге

қабілеттілігін таныту үшін білім нәрімен сусындаған, денсаулығы мықты ұрпақ тәрбиелеуіміз қажет. Шын мәнінде, көз ілеспес шапшандықпен дамып, жедел өзгеріп отырған мына дүбірлі дүниеде, Елбасы айтқандай, сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңісті болып қалған таптаурын қағидалардан арылып, рухани жағынан серпілуіміз, жаңғыруымыз қажет. Бұл арада жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодымызды сақтау екенін әрдайым есте ұстап, әлемдік өзгерістерге сай жаңаша ойлау жүйесін қалыптастырғанымыз абзал. Ұлттық кодты сақтау дегеніміз – ұлттық болмысымызды нығайтып, оны ұрпақтан-ұрпаққа мұра ету деген сөз. Ұлттық болмыстың өзі біздің ежелден келе жатқан қазақи салт-дәстүрлерімізден, мәдениетімізден, барлық рухани құндылықтарымыздан бастау алады десек, мына өзгермелі дүниеде сол құндылықтарымызды заманға сай одан әрі байытып, дамытып, оны бүгінгі ұрпақтың санасы мен тұрмысына сіңіру арқылы жаңа ғасырдың жаңа ұрпағын қалыптастыру деген сөз. [1]

Біздің елімізде дене тәрбиесі мен спорт бұқаралық сипат алған. Әрбір адамның дене тәрбиесімен шұғылдануы оның жеке басының міндеті деп айтуға болады. Ал баланы жігерлікке, қайраттылыққа, батылдыққа тәрбиелейтін ұлттық ойындардағы қимыл – қозғалыс әрекеті – бұл бала денесінің барлық мүшелерінің дамуы және денсаулықты сақтау факторларының бірі. [2, 243 б.].

Елбасы рухани жаңғыруымыздың басты құндылығы ретінде бәсекеге қабілеттілікті ұсынады. Бүгінгі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелестік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алатынына ұлт Көшбасшысы ерекше назар аударып отырғаны бекер емес. Өйткені, әлемдік бәсекеге қабілеттілік ұлтымыздың экономикада ғана емес, рухани әлемде де озық болуын қажет етері сөзсіз. Рухани жаңғыру ұлттық кодты сақтаумен бірге, ұлттық бірегейлікті сақтауды да талап етеді. Елбасы айтқандай, ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, ұлттық спорт өнеріміз, жоралғыларымыз, жалпы ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс. Әрине, ұлттық құндылықтардың бәрі жас ұрпаққа отбасынан, балабақшадан, мектептен берілері анық. Жоғары оқу орындарында ол одан әрі тереңдетілуі тиіс. Осы орайда төл өнеріміз - «Жауынгерлік күрес» деп аталатын ұлттық спорт түрінің жаңғыруына үлкен үлескерлік танытып жүрген Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Халық Қожахметтің еңбегін атап өткен жөн Халық Қожахмет Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің әлеуметтік ғылымдар факультеті «Дене тәрбиесі және спорт» кафедрасының профессоры, ҚР жауынгерлік самбо күресінен еңбек сіңірген жаттықтырушы, халықаралық дәрежедегі төреші. Ұлттық мәдениеттің соғыстық және күш сынасатын үлгілерінің ең маңызды бөлшегі жауынгерлік күрес болып табылады. Ол көне халықтық архаикалық қойылымдардан бастау алады. Дәстүрлі күрестің пайда болуы мен қалыптасуын миф пен ритуалдардың ортасынан, сонымен қатар ежелгі тайпалардың діни-дүниетанушылық үлкен қойылымдарынан қарастыру керек.

«Жауынгерлік күрестің» пайда болуы оның әр алуандылығымен қоса Еуразияның бейнесін ежелгі уақыттан қазіргі күнге дейін анықтап көрсете алатын далалық мәдениетпен тығыз байланысты.

Бүгінгі таңда күрестің қазіргі жаңа түрі, яғни осы замандағы үлгісі - мыңдаған жылдар бойы орын алған тарихи – мәдени кезеңнің нәтижесі іспеттес. Оның Еуразия жерінде пайда болуы мен қалыптасуы, сонымен қатар даму кезеңдері әлбетте түркі елдерінің тарихымен тығыз байланысты.

Тарихи-мәдени құбылыстардың қиын кезеңінің және әртүрлілігінің нәтижесінде ежелгі тайпалардың материалдық және рухани бөлшектері қазақ мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналған. Осындай бөлшектердің бірі ретінде «жауынгерлік күрес» те дамудың қиын сатыларынан өткен. Ежелгі заманда пайда болғанына қарамастан, ол басқа да тайпалардың этникалық, саяси, әлеуметтік құбылыстары әсер етсе де өз дамуын тоқтатпады.

Даму жолын келесі кезек жалғасы арқылы көрсетуге болады: қазақтар – алтынорда кезеңінің көшпенділері – қыпшақтар–түркілер және скиф-сақ заманының теле-номадтары –

кола және темір дәуірінің тайпалары. Осы тізбектегі топтардың ауысымы жазба және археологиялық қазбалар негізінде дәлелденген.

«Жауынгерлік күрестің» қалыптасуы қоғамның дамуымен тығыз байланысты. Себебі, қоғамның даму кезеңінің өзі әскери қақтығыстарға толы болған. Тіпті жекпе-жек күш сынастыру кез келген эпостық шығармадан жарқын көрініс тапқан. . [4]

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасында «Салауатты әрі гүлденген экономика құрмайынша, біз қуатты мемлекет пен қарулы күштер құра алмаймыз, демографиялық, экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шеше алмаймыз, әрбір адамның жеке басының қадір-қасиеті мен әл-ауқатын арттыра алмаймыз», – деген болатын. Осыған орай қазіргі уақытта жас ұрпақты тәрбиелеуде олардың дене тәрбиесі мен денсаулығына мемлекеттік тұрғыда баса назар аударылып отыр. Дене тәрбиесі үдерісінде ұлттық спорт ойындарымыздың алатын орны ерекше. Баланың ой өрісін, танымын дамыту барысында ұлттық спорт ойындардың маңызының зор екендігін ұмытпауымыз қажет. Себебі, ұлттық ойындар баланы өз елін сүйуге, құрметтеуге, өз және өзге ұлтты сыйлауға, патриоттық сезімді нығайтуға, салт-дәстүрлерін сақтай білуге, ұлттық идеологияны құрметтеп, өз ұлттық діліне, тіліне беріктігі мен ұлттық салт-дәстүрді сақтауға және физикалық, биологиялық тұрғыда мықты болуға үлкен септігін тигізеді. [5]

Ата-бабаларымыздан мұра болып қалған ұлттық күрес түрін жаңғырту және оның ғылыми айналымға енуіне үлес қосу, жас ұрпақтың отыншылдық сезімін қалыптастырудағы қазақ күрес түрлерінің орнын айқындау, ұлт балаларының рухани тәрбиесімен қатар физикалық күш-қайратының мол болуына тиісті ақпараттарды жеткізу – осының барлығы Елбасы негіздеп кеткен ұлттық қодымызды сақтаудың алғышарттарының бірі деп білемін. Өйткені жас ұрпақты рухани сауаттандыру, бойына ата-баба тарихындағы мәдениетті сіңіру – ең алдымен өзіміздің дәстүрімізбен ұстасып жатыр.

Ұлттық ойын түрлерін қазіргі уақытта әр сабақта көрсетіп ұлттық тіл өрнектерін пайдалана білсе, қазіргі жеткіншек біле бермейтін ұғым – түсінігін өмірге жанастыра көңіл аудартса сол арқылы танымдық мақсат қойылады. Сонымен, ұлттық салт-дәстүрді қадірлей білуге, адамгершілікке, ізгілікке, ұлттық тәлім – тәрбие беруге назар аударылады. Сондықтан ата-ана да, орта мектеп пен жоғары оқу орындарының ұстаздары да ұлттық тәрбиені бірінші кезекке қойғаны абзал.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы [Электрондық ресурс] // «Параграф» ақпараттық жүйесі / «ИнфоТех&Сервис» компаниясы. – Алматы,
2. Аканов А.А. Политика охраны здоровья населения в Казахстане: Опыт разработки, реализации национальных программ здравоохранения и перспективы на 2010-2015 годы. –Астана: 2006. -243 с.
3. Казанская К.О. Детская и возрастная психология. – Москва 2010. С128-132.
4. ХАБАРШЫ: ЕҰҰ Астана, 2015. №5(108). - Б.142-145
5. Дөңбаев Ә.Б. Қазақтың ұлттық жарыстары мен ойындары дене тәрбиесі мен спортты танымал етудің құралы ретінде // Дене тәрбиесі және еліміздің бәсекелестік мүмкіндігі: халық ғылыми практ. конф. матер. (14-16 қазан 2010 ж.). – Алматы, 2010. – 204-206 бб.